



БҰЙРЫҚ

2022 ж.с 28 қаңтар / 103/06

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ _____

город Павлодар

**«Павлодар қаласының
«№10 сәбилер бақшасы»
«ZamanStar» білім беру дамыту орталығы
КМҚК өзін-өзі бағалауды өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабының 9) тармақшасына, 59-бабының 4) тармақшасына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 2 ақпандағы бұйрығына, Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Павлодар облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаменті» ММ 2021 жылғы 23 қарашадағы № 1-03/218 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2022 жылғы 28 қаңтарда «Павлодар қаласының № 10 сәбилер бақшасы» «ZamanStar» білім беру дамыту орталығы өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы жоспардан тыс педагогикалық кеңес өткізілсін.
2. 2022 жылғы 28 қаңтардан 2022 жылғы 28 ақпанға дейін мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауы өткізілсін.
3. Өзін-өзі бағалау ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамы бекітілсін:
4. Комиссия төрағасы – басшы Б.К.Темирбекова
Комиссия мүшелері – әдіскер Г.С.Нурахметова
тәрбиеші – Т.К.Хамитова
есепші – А.Х.Шабалова

Комиссия хатшысы К.Ж.Жуманова болып тағайындалсын.

1. Комиссия білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарына және білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы жүргізілсін.

2. Г.С.Нурахметова оқыту және оқу, МЖМБС орындау, тәрбиеленушілердің жетістіктерінің мониторингі, заттық дамытушы ортаны құру, тәрбиеленушілер мен педагог кадрлардың жетістіктерінің сапалық құрамы мен ата-аналардың сауалнамасын талдау жасалсын;
3. Г.С.Нурахметова мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және ЕБК бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетсін;
4. Т.К.Хамитова мектепке дейінгі ұйымдарда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырсын, ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу және сырқаттанушылықты талдау тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етсін;
5. А.Х.Шабалова материалдық-техникалық база, негізгі құралдарды сатып алған құжаттарды әзірлесін;
6. Комиссия білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы 2022 жылдың 28 ақпанда қорытындалсын.
7. 2022 жылдың 28 ақпан балабақшаның өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.
8. Ұйымның сайтына қызмет көрсету жұмысына жауапты Г.С.Нурахметова мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау жүргізудің жоспарланған мерзіміне дейін бір айдан кешіктірмей орналастырсын.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы:



Б.К.Темирбекова

Бұйрықпен таныстырылды:

